

**"Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне Шетел инвестициялары туралы  
Қазақстан Республикасы заңын қолдану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 2 ақпан N 143. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1190 қаулысымен. ~P971190

"Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Италавто" бірлескен кәсіпорнының мемлекеттік тіркелген күні (1992 жылғы 24 қараша) бірлескен кәсіпорынға шетел инвестицияларын жүзеге асырған сәті деп саналсын.

Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары және Алматы қаласының әкімі 2002 жылдың 24 қарашасына дейін "Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабындағы 1-тармағына сәйкес кәсіпорынды тіркеу сәтінде қолданылған заңды қолдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 2002 жылдың 24 қарашасына дейінгі кезеңге:

"Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне кәсіпорынды тіркеу сәтінде қолданылған салық заңының нормалары мен салықтар ставкаларын қолдансын;

"Италавто" бірлескен кәсіпорны импортталатын спирттен, алкоголь мен темекі бұйымдарынан басқа, импортталатын тауар үшін қосылған құнға салынатын салықтан және импортталатын акциздеуге жататын тауарларға акциздерден босатылсын. <\*>

Ескерту. 2-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.07.29. N 945 қаулысымен. P960945\_

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті импортталатын тауарларға кеден бажын есептеу кезінде 2002 жылдың 24 қарашасына дейін "Италавто" бірлескен кәсіпорнының қызметіне кәсіпорынды тіркеу сәтінде Қазақстан Республикасында қолданылған кеден заңын қолдансын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК